



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ұйғыр әдеби тіліне қарама-қарсы түрде XII ғасырда пайда болған тілдер қатарына жатқызады [3, 70].

Қорыта айтқанда, XII ғасыр мұрасы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» ескерткішінің тілін XVI ғасырдан жеткен баға жетпес құнды ескерткіштердің бірі – Өтеміс қажының «Чингиз-намесімен» салыстыру арқылы ортағасыр ескерткіштері арасындағы сабақтастық ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар қазіргі түркі жазба әдеби тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің де тарихи даму барысындағы кезеңдік ерекшеліктер айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2010. - Б. 12.
2. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – М., 1989. – 283 с.
3. Наджип Э.Н. Кипчакско-огузский литературный язык мамлюкского Египта XIV века. Автореферат докт. дисс. – М., 1965. – 283 с.
4. Көпрүлү Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. – Шымкент, 1999. – 312 б.
5. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М.; Л., 1956 (Кон.1). - 570 с.
6. Сыздық Р. Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі. Түркология. – Алматы, 2002. – 232 б.
7. Утемиш- хаджи. Чингиз-наме. – Алма-Ата, 1992. – 247 с.

УДК 39

ҚОРҚЫТ АТА ОБРАЗЫ

Мусина Сәуле Сайлаубекқызы

sauleo93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің филология: түркі тілдері мамандығының I курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.Жолдасбеков

Адамзаттық мәдени-рухани жадта ұлттық шеңберден шығып, күллі әлемдік бейнеге айналған, адамзаттың мәдени қорын байытқан образдар бар. Олардың қатарында Одиссей, Елена ару, Ахиллес, Прометей, Отелло, Ромео мен Джульетта, Гамлет, Дон Кихот, Фаустты атауға болады. Ұлттық мәдени тарихымызда, мәдени санада орын алған архетип бейнелер қатарында Кетбұға, Сыпыра жырау, Асан Қайғы бейнелерін негіз етуге болады.

Түркі дүниесіндегі даңқы кең жайылған кейіпкер туралы ойласақ Қорқыт ата бейнесін еске аламыз.

Қорқыт тұлғасы тарихи және мәдени тұрғыда қарастырылатын бейне. Қорқыт Ата – күллі түркі дүниесінің тарихында, рухани өмірінде айрықша орын алатын, түркі кезеңі деп аталатын тұтас бір дәуірдің болмыс-бітімін, таным-түсінігін, саяси-әлеуметтік және діни дүниетанымын өн бойына жинақтаған бірегей тұлға. Оғыз- қыпшақ дәуірін, оның арғы тегі түркі тайпаларының тарихын зерттеуде Қорқыт Атаны айналып өту мүмкін емес. Себебі, Қорқыт бейнесі Шығыс Түркістаннан бастап Кіші Азияға дейінгі аймақта таралған түркі халықтарының ауызша, жазбаша деректерінде ойып орын алады [1, 195]

Ол – әрі тұлға, әрі фольклорлық шығарма және көркем әдебиет кейіпкері. Бұндай тұлға әлем әдебиетінде де кездеседі. Қорқытты грек эпосының атасы Гомермен салыстыра аламыз. Грек мифтері негізінде әйгілі «Иллиада», «Одиссея» поэмаларын тудырған Гомер өзі жырлаған дастанда соқыр жырау Демагог бейнесін енгізеді. Демагог жырау өзі жырлаған оқиғалардың кейіпкері .

Қорқыттың дүниеге келуі, ақындығы, жыраулығы және күйшілігі, өлімнен қашуы

туралы аңыздардағы мотивтерді, шумерлердің «Көпті көрген Гильгамеш туралы» эпос кейіпкері Гильгамеш пен Қорқыт ата туралы аңыздар арасында да мотивтік жақындықты зерттей келе, көптеген ортақ тұстарға қол жетілді.

Гильгамеш 27 ғасыр бұрын ғұмыр кешкен Шумер еліндегі Ұрық қаласының бесінші билеушісі. Гильгамеш өлімнен қашып, өлмейтін Үт-напшты іздеп барып, одан мәңгі жастықтың гүлін алады. Қорқыт та өлімнен қашып, өлімді жеңетін күшті күйден, қобыздан табады. Осы жерде, маңызды деректерден бірі, Гильгамештің мәңгі жастық гүлін жылан ұрлайды. Қорқыт болса шаршап, күйін тоқтатқан кезде жылан шағып өлтіреді. Қорқыт та Гильгамеш те өздерінің замандарында, өздерінің қоғамдарындағы ел-жұртының қамын ойлаған, бақытты өмірлері үшін тыным таппай күресіп өткен ғұламалар.

Түркі халықтарының аңыз-эпсананың басты кейіпкері Қорқыт ата есімі оғыз-қыпшақ тайпасы бірлестігі кезімен байланысты. Ол – осы кезеңде ғұмыр кешкен ғұлама ойшыл, күйші, жырау, сәуегей, хан біткеннің ақылшысы. Ә.Қоңыратбаев пен М. Байділдаевтің «Қорқыт ата кітабы» атты еңбектерінде Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болғанын жайында айтылады. Тәңірі зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары қатесіз болған...оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған [2, 268]. Демек, Қорқыт ата кітабындағы қай аңызды алып қарамасақ, аңыздардың бәрінде Қорқыт – дана, әділдіктің символы, қаған кеңесшісі болып суреттеледі.

Түркі тілдес халықтарының арасында кең таралған Қорқыт ата туралы аңыздар, рухани баға жетпес мұраларының бірі. Соның ішінде, қазақ халқының дүниетанымында және фольклорында, Қорқыт ата - ел бірлігін нығайтқан қайраткер, қобыз жасаушысы және жыршы ақын. Сондай-ақ, қазақ халқының ауыз-әдебиетіндегі аңыздар бойынша, Қорқыт ата күйші, композитор ретінде де кездеседі.

Қазақ халқының зиялы қауымның арасында, ғалым Ә. Марғұланның Қорқыттануға қосқан үлесі өте зор. Әлкей Марғұланның "Қорқыт ата - қазақ халқының аңызы" атты арнайы еңбегінде, Қорқыттанудың өзекті мәселелеріне, сонымен қатар әлемдік және кеңестік зерттеулеріне тоқталып кетеді. Қорқыт тарихи дәуірлерде Сырдария өлкесін қоныс еткен, оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын (ұзан), болашақты болжап сөйлейтін сәуегей кісі болған. Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Орта Азиядағы түрік тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи-жырлар, аңыз-әңгімелер, ән-күйлер қазақ пен түрікмендерде көбірек жолығады.

«Қорқыт» атының өзі де бірақ өмірлік пайымдау, тағдырдың тәлкегіне көңгісі келмеу, адамға сене білудің синонимі ретінде қалыптасты. Түркілер, яғни, қазақтар да барлық жақсылықтарды, қол жетпестікті, руханилық пен өнегелі тазалықты әйгілі ақылгөй және ойшылдың есімімен байланыстырады. Отандық беделді қорқыттанушылардың бірі академик А.Х. Марғұлан: «Қорқыттың өліммен күресу философиясы – әлемдік тарихтағы сирек құбылыс, сонымен бірге бұл адамзат баласы бір кездері жасаған жарқын бейнелердің бірі. Мұндайды Прометей мен Харт туралы ежелгі әдебиеттен ғана кездестіруге болады» қазақ халқының арасындағы аңыздардың мотивтеріне байланысты, ғалымдар Қорқыттың дүниеге келуімен, емші-бақсы болған кезін суреттейді. Қорқыттың тууымен байланысты ел есінде сақталған сөз бар:

Қорқыт туған кезінде
Қараспанды су алған,
Қара жерді құм алған
Ол туарда ел қорқып
Туғаннан соң қуанған! [3, 105].

Өлеңнің соңғы жолдарынан, Қорқыт туысымен бұлттар тынып, қайтадан күн шығып, дүние өзінің қалыпты ырғаққа түседі. Сол маңайдың адамдары болса, осыны

жағымды ырымға теңеп, қорқытып дүниеге келген баланың есімі Қорқыт болсын деп шешім қабылдайды.

Қорытындылай келе, Қорқыт ата - түркі халықтарының әділет пен адамгершілік, сабырлық пен төзімділік қасиеттерін насихат етіп қалдырған көпті білген, ойшыл дана.Өзінің жырларында Оғыз Қағанатының бірлігін нығайтуға, ары-қарай дамытуға шақырып, қарапайым халыққа мен мемлекет адамдарына көптеген өсиет қалдырып, жол көрсетті.

Артында қалған рухани мұрасы, сонымен бірге оның атына қатысты түрлі аңыз-әңгімелер тек түркі халықтарының ғана емес, күллі адамзат баласының болашағына қызмет ететін рухани қазына.

Сонымен қатар, Қорқыт ата тәңірлік дінінің тұсында болған атақты ойшыл. Ислам діні күшейіп, Қорқыттың мекеніне тарала бастайды. Алайда ғұлама ойшылдың бұл дінге қарсылық көрсеткені жайында түркі тілдес халықтарының арасында аңыздар, әфсаналар кең таралған. Бұл әңгімелер, Қорқыт айтты дейтін нақыл сөздер оның исламға мойынсұнған тақуа емес, тәңірлік ілімнің аса ірі өкілі екенін көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш. Ибраев Қорқыт һәм «Қорқыт Ата кітабы»: ақиқат пен аңыз. //Базар жырау, 2012, №1.– 56 б.
2. Орыс тілінен ауд. Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы. Оғыздардың батырлық жырлары: Эпос. Алматы, Жазушы, 1986.– 128 б., суретті
3. Ә. Марғұлан. «Ежелгі жыр-аңыздар». А., 1985.– 135 б.
4. Ә.Нысанбев бас редактор Қорқыт ата энциклопедиялық жинақ: Алматы, «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы.– 1999.– 495 б.

ӘОЖ 3.82-2

«ЕР ТӨСТІК» ЕРТЕГІСІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Рүстемова Фариза Жандарбекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
түрктану мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекшісі - Мұсабекова Ү.Ә.

Түркі тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғылыми негізі қаланған ономастиканың күрделі бір саласы –антропонимика.

Антропонимика – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын – антропонимдерді зерттейтін ономастиканың бір тармағы. Антропонимика сонымен бірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді [1, 22 б.].

Антропонимдер есімнің шығу тарихы, қолданылу аумағы, сол есімді қолданған халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, тарихы мен әлеуметтік жағдайы жайлы көптеген маңызды мағлұмат беретін тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

«Есімдер мен атаулар – әр дәуірдің ескерткіші, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын құнды шежіре, ұлттық ерекшелігімізді әйгілей түскен тарих айнасы» [2, 105 б.].Осы және де басқа себептерге байланысты жалқы есімдерді зерттеу жалпы алғанда тарих үшін оның ішінде тіл тарихы үшін өте маңызды. Ономастика ғылымының зерттеу нәтижелері тіл білімі тарихы үшін, халықтың тарихы үшін, диалектология, этнография, археология, география, философия ғылымдары үшін құнды да маңызды дереккөз болып табылады.

Антропонимиканың теориялық негіздері В.Д. Бондалетов, Н.А. Баскаков, С.И. Зинин, Ю.А. Карпенко, А.А. Реформатский, А.М. Селищев, О.Н. Трубачев, Н.М. Тупиков, т.б.